

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ДАМУ ОУТАЛЫҒЫ»**



**«ЗАМАНАУИ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ
ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ:
ҮДЕРІСТЕРІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ»
ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ФОРУМНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

Шымкент, 2022

Аннотация: баланың ойынға деген құмарлығы бар, сол құмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек, ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды бере және сіңіре білуіміз қажет.

Түйін сөз: ойын, таным, дербестік, бастамшылдық

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Меңжанова А.Н. «Мектеп жасына дейінгі педагогика» - Алматы, 1992ж.

2. Байжұманова Б. «Балалардың танымдық қабілетін дамыту», Қазақстан мектебі, 2000ж, №2.

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ, СӨЗДІК ҚОРЫН МОЛАЙТУ

Стаева Шахизат Тургунбековна,
№29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлеуге үйрету, күнделікті іс-әрекет кезінде тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берген. «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» [1] деген халық даналығында аталы сөздер бекер айтылмаса керек. Ойынның негізгі мақсаты – балалардың зейінін, сөздік қорын, есте сақтауын, қабылдауын дамытуға, өзінің құрбыларының іс-әрекетін бағалауға, құрметтеуге, өз ісін дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру болып табылады. Бала тәрбиесіндегі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық ол – саусақ ойыны. Саусақ ойынын ойнай отырып, бала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жануарларды, ағаштарды және т.б. көптеген бейнелерді бейнелей алады. Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте жастан бастаған дұрыс. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуды жасауда өлеңмен, тақпақ айту, жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен бірге өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, ілгегін өзі салу, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Ал мектепке дейінгі балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар

мектепке дайындық, яғни, жазу, сурет салу, түрлі түсті қағаздарды бояп үйренудің алғашқы бастамалары.

Саусақ ойындарының нәтижесінде бала нені үйренеді:

Баланың сөйлеу тілі жетіледі;
Қимылды қозғалысы артады;
Икемділігі жетіледі;
Логикалық ойлауы дамиы;
Танымдық деңгейі қалыптасады.

Ұсақ моториканы дамытудың маңызы неде? Ұсақ моторикаға адамның бас миында саусақ қимылдарды дамыта отырып, сөйлеуге жауап беретін орталықты дамыта аламыз. Педагогтердің басты мақсаты ол ата-аналарды ұсақ моториканы дамытуда - ойынның маңыздылығын ұғындыру. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Саусақ ойынын ойнай отырып, бала саусақтарының қимыл-қозғалыстарына қарап қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады, үйренген өлең шумақтарын қайталап айта отырып, есіне сақтайды және бала екі қолын қимылдата отырып, оң - сол, жоғары - төмен математикалық ұғымдары қалыптасып, кеңістік туралы түсініктерді үйрене алады. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді:



Пассивті жаттығу - ұсақ моториканы дамытудың алғашқы сатысы. Жаттығудың пайдалану мақсаты: сипау, жаймен укалу, массаж әрекеттері саусақ ұшынан басталып, төменгі буына қарай жалғасады. Мысалы: «Қуырмаш» ойынынан саусақ атауларын бала тәрбиелеуге, оның тілін дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге бағытталған ойын екенін білеміз.

Бас - бармақ,
Балаң - үйрек
Ортан - терек
Шылдыр - шүмек
Кішкене - бөбек.
Қуыр, қуыр, қуырмаш
Тауықтарға тары шаш.
Балапанға бидай шаш,
Балаларға тәтті шаш, - деп келіп, жұмылған әр саусақты жеке-жеке ашады:
Сен жылқыға бар,
Сен сиырға бар
Сен қойыңа бар, — деп әр саусаққа тапсырма беріледі.

Сол сияқты «Саусақтар сәлемдеседі» ойыны да, мұнда бас бармақшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіледі. Оң қолдың сұқсаусағы мен ортаңғы саусақтарын жүтірген тәрізді етіп қимылдатады. Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады.

Мысалы: «Моншақ» ойыны:

Қызыл, сары, көк моншақ,
Мен жасаймын көп моншақ.
Мұнда қатар екі қолдың бар бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді. Әрі оларды тізбектеп жасау бала үшін өте қалықты әрекет, әрі қол бұлшықетін дамытуға көп көмегін тигізеді.

Сол сияқты санамақ «Саусақ ойыны» да тақпақтай отырып санауға, саусақтарымен отбасын айта білуге, сөйлеу тілін дамытуға да әсерін тигізеді.

Бас бармағым - әкем,
Балаң үйрек - анам,
Ортан терек - ағам,
Шылдыр шүмек - мен,
Кішкене бөбек - сен.
Бір үйде біз нешеуіміз?
Бас бармақ - бұл атам,
Сұқ саусақ - бұл әкем,
Ортан қол - әкем,

Аты жоқ – анашым,
Шынамақ – бұл мен.

Сонымен қатар саусақ қимылын дамытуда саусақ бассейні және құм терапиясы әдістемесі өте пайдалы. Сол жіппен, баудың көмегімен орындалатын «Жіпті өткіз», «Өткеншек», «Штрихта», «Ілгекті өткіз», т.б. ойын жаттығуларда баланың саусақ қимылын дамытуда үлкен рөл атқарады.

Аннотация: саусақ ойындарының маңыздылығы, сөйлеуге жауап беретін орталықты дамытады,

Түйін сөз: саусақ, тілін дамыту, сөздік қор

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К. Метербаева, А. Искакова. "Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі" оқу құралы. - Астана, (276, 2017 ж.)


2. Жұмабекова Ф. Н. "Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудың педагогикалық-әдіснамалық негіздері" - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, 2010 ж.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«МЕКТЕКЕ ДЕЙІНГІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ»



ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ

тәрбиешілерге арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ



УДК 373.0
ББК 74.200 (075.8)
Д 21

Шымкент қаласы білім басқармасының «Мектепке дейінгі дамыту орталығы»
КММ-нің сараптамалық кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған,
№1 хаттама, 26. 10. 2022ж.

Пікір айтушылар:

Қуанышбаева З. Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы педагогика ғылымдарының кандидаты,

Коздигарина Ж.С. – Мектепке дейінгі дамыту орталығының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту менеджмент» бөлімінің бөлім басшысы.

Құрастырғандар:

Жумабаева А. – №29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Стаева Ш. – №29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Дүкенбаева А. – №29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Дидактикалық ойын арқылы балалардың тілін дамыту:

тәрбиешілерге арналған әдістемелік нұсқаулық / құраст.: Жумабаева А., Стаева Ш., Дүкенбаева А. - Шымкент: Шымкент қаласы білім басқармасының мектепке дейінгі дамыту орталығы, 2022. - 52 бет.

Бұл әдістемелік нұсқаулық дидактикалық, қимылды ойындардың маңыздылығы, ойналу әдістері, шарттары, ресурстарын толық айқындай отырып жазған. Ойындарды тәрбиешілер күні бойғы әрекетке тәрбиеленушілердің дағдыларын қалыптастыру мақсатында толық қолдана алады.

Әдістемелік нұсқаулық мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне арналған.

УДК 373.0
ББК 74.200 (075.8)

© Шымкент қаласы білім басқармасының
«Мектепке дейінгі дамыту орталығы», 2022

Astana 2022

BILIM AINASY

Қазан-Октябрь

*Шымкент қаласы №29 «Ай-Керім»
бөбекжай бақшасы МКҚК меңгерушісі
Сейдалива Карлығаш Култаевна*



WWW.BILIMAINASY.KZ



Стіева Шахизат Тургунибековна
Шымкент қаласы
№29 «Ай-Керім» бөбекжай бекеті МКҚК
тәрбиеші

Саусақ ойындары

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тобы: «Сұңқар» кіші топ

Білім бөлімі: «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Денсаулық»

Білім аумағы: Сөйлеуді дамыту, Денсаулықты нығайту, Құрастыру, Жапсыру, Сенсорика, Музыка.

Өтілетін күні:

Тақырыбы: «Саусақ ойындары»

Мақсаты: Балаларға түр туралы түсінік беру, әртүрлі заттардың түсін сәйкестендіруге үйрету. Ойлау қабілеттерін, қиялын, есте сақтау және сенсорлық қабілетін дамыту, сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыру. Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

Міндеті: Жапсырманы нұсқамен дұрыс орындауға, өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу. Балаларды ұжымшылдық пен өз мақсатына жеті білуге тәрбиелеу. Адамдарға көмектесу керектігін түсіндіру.

Көрнекіліктер: Алақан саусақ суреттері, пішіндер, түрлі түсті асықтар мен жіптер, түрлі түсті саусақтар, сұмдар, коржіні, музыка әуесі

Инклюзивтік әлеумет: Ұйымдастырылған оқу – қызметіне қызығушылығы төмен балаларды жанымызға алып, бірлесе жұмыс жасау.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы	Тәрбиеші: Балалар, қане келген қонақтармен амандасып алайық Тілек шеңбері: Сәлем саған алтын күн Сәлем саған көк аспан Сәлем саған жер ана Сәлеметсіздерме қонақтар	Балалар шеңбер болып тұрып өлеңді мазмұнына сәйкес іс-әрекетімен айтады
Ұйымдастырушы ізденушілік	Ғажайып сәт:Топқа Бүлдіргіннің келуі. Бүлдіргін:Сәлеметсіздерме, балалар! Балалар мен асықтарымды жоғалтып алдым. Сендер көрмедіңдерме? Енді не істеймін? (ренжіп тұрады) Тәрбиеші көмектесуге балаларға ұсыныс айтады. -Ол үшін біз асықты жайлаудан іздейік. Жолға шығайық. (Музыка әуенімен жүреді) -Жолда кедергіге кездеседі. «Көңілді саусақтар» ойыны. Ойын шарты:Үстел үстіндегі алақанға алақандарын басып,шеңберге қолдарын жұдырықтап басу арқылы кедергіден өтеді. Бүлдіргін:Балалар мынау тұрған не екен? Тәрбиеші:Бұл құмдар. Мүмкін сенің асықтарыңды осы құмнан іздеп көрелік. Қане,балалар іздеймізбе? Бүлдіргін: Ол үшін саусақтарын жылдам болу керек. «Асықты тап және түсін ата» ойыны -Құмның ішінен асықтарды табады. Олардың түстерін атайды. (асық түстерін балалардан жеке-жеке сұрау) Ал, енді балалар сергіп алайық. «Бас,иық,тізе,аяқ!» сергіту жаттығуы -Балалар мына асықтарды таптық. Енді мұны Бүлдіргін тағы жоғалтып алмауы үшін жіпке тағып берейік. Қане,бәріміз екі топқа бөлініп шығармашылық алаңына барайық. 1-топ.«Асықты жіпке тізу» Үстел үстіндегі жіпке түсін сәйкестендіріп асықтан өткізу. 2-топ. «Жоғалған саусақтар» Саусақтар арқылы қолды құрастыру. Жасаған жұмыстарын Бүлдіргінше ұсынады.	Балалар танырқай қарайды -Сәлеметсізбе Бүлдіргін -жоқ -Балалар келіседі Қуана жүреді Алақандарын алақан суретіне, шеңберге жұдырықтарын басып кезекпен өтеді Келіседі Құмнан асықтарды тауып, түстерін айтады Іс-қимыл арқылы жасайды Асықты жіпке түсін ажырата отырып тізеді. Саусақтарды жапсыру арқылы қолды құрастырады. Қуана ұсынады.

«Елім айнасы» 2022 ж.

	Бүлдіргінді қоштасып шығып кетеді. Тәрбиеші: Ал енді балы бақшамызға қайтайық.	Орындағына отырады
Жетекші жөндеуші	Қорытынды: Қорытындылау: Балалар сендерге қонаққа кім келді? Сендер саяхатқа қайда бардыңдар? Бүлдіргіннің асығы қайда екен? Бүлдіргінге қалай көмектестіңдер? Жарайсыңдар? Енді қонақтармен қоң тасайық.	Балалар сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Түстерді ажыратып, ағтарын атай және түсіне қарай сәйкестендіре біледі. Саусақ ойындарын ойнай алады.

Қалыптасқан түсініктер: Түсіне қарай сәйкестендіре отырып ойынды өз бетінше ойнай алады, бір-біріне көмектесіп,ынтымақта са ойнайды

Орындаушылық қабілеті: Тілдік қорын молайды шығармашылық жұмысты ұқыптап жасауды біліп, сұраққа жауап береді. Түсіне қарай сәйкестендіре отырып, саусақтарды құрастырады, асықтарды жіпке тізе алады.